«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
NATIONAL COMPANY KAZAKHSTAN TEMIR ZHOLY JOINT-STOCK COMPANY

«ҚТЖ» ҰК» АҚ АО «НК «ҚТЖ» NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

1 қыркүйек 2023 жыл № 614 – ЦЗ

Астана қаласы город Астана

Ұйым стандартын бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарындағы денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару, экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында, 2018 жылғы 4 шілдедегі №43-АҚ Әріптестік туралы келісімнің 1-тармағының 19) және 20) тармақшаларына, 3-тармағының 1) тармақшасына, 2016 жылғы 28 шілдедегі №82 Әріптестік туралы келісімнің 1-тармағының 15), 17) тармақшаларына, 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген АҚ СТ-620100210058-ЦТЕХ-04-2021 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді және экологиялық қауіпсіздікті бағалау және басқару» ұйым стандарты бекітілсін.

2. «Ұйым стандартын бекіту туралы 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №954-ЦЗ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

Бас инженер – Техникалық саясат департаментінің директоры **Б. Котырев**

Орынд. Кабиев С. – Цтехпб
8 (7172) 603423

БЛАГО
Безопасность Лидерство Амбиции Гордость Ответственность

14880

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамы Бас инженерінің - Техникалық
саясат департаменті директорының
2023 жылғы «1» қаңтардағы
№ 614-ИЗ бұйрығымен
бекітілген

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАУІПТЕР МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ, ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»

АҚ СТ 2.02-2023
(екінші редакциясы)

Әзірлеген:
Техникалық саясат департаменті
2023 жылғы «1» қаңтардағы

Түпнұсқа ұстаушы:
«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Астана қ., Қонаев к-сі, 6

Астана

Алғысөз

1 Техникалық саясат департаменті **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Бас инженерінің - Техникалық саясат департаменті директорының 2023 жылғы «1» қаңтардағы №614-ЦЗ бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Бас инженерінің 2021 жылғы «27» желтоқсандағы №954-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді және экологиялық қауіпсіздікті бағалау және басқару» стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН.**

«Осы стандарттың «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басылып шығарылуы, көбейтілуі және таратылуы мүмкін емес

Мазмұны

1. Қолданылу саласы 1
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар..... 2
3. Жалпы ережелер 3
4. ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді, тәуекелдерді мен мүмкіндіктерді бағалауды жоспарлау 4
5. Жауапкершілік 5
6. Қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру процесі..... 7
7. Тәуекелдерді және мүмкіндіктерді бағалау..... 9
8. Еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару..... 10
9. Тәуекелдерді бағалауды талдау және есептілік 11

1-қосымша. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару әдістемесі 12

2-қосымша. Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау әдістемесі .....,..... 27

3-қосымша. Қауіптер, экологиялық аспектілер, тәуекелдер тізілімі..... 30

4-қосымша. Қауіптердің ықпалын бағалау..... 31

5-қосымша. Айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілер тізілімі 32

2.02-2023 АҚ СТ

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАУІПТЕР МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ, ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»

Енгізілген күні_____

1 Қолданылу саласы

1. Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді және экологиялық қауіпсіздікті бағалау және басқару» стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасының шешімімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында денсаулықты қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйесі жөніндегі басшылыққа, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамындағы және оның еншілес ұйымдарындағы экологиялық менеджмент жүйесі жөніндегі басшылыққа сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен ЕҰ-дағы еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару жөніндегі бірыңғай тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2. Стандарттың әрекеті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының барлық құрылымдық бөлімшелеріне және оның еншілес ұйымдарына қатысты.

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3. Осы Стандартта келесі негізгі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания	-	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы	-	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары
ЕҰ	-	еншілес ұйымдар – акцияларының (қатысу үлестерінің) 100% меншіктілік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамына тиесілі заңды тұлғалар
құрылымдық бөлімшелер	-	Компанияның/ЕҰ орталық аппаратының департаменттері, қызметтері, бөлімдері, филиалдары, тіркелген штаты

Қызмет	-	функцияларына Компанияның еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы саясатын іске асыруды қамтамасыз ету кіретін Компанияның/ЕҰ басқарудың барлық деңгейлеріндегі құрылымдық бөлімшелер
мердігерлік ұйымдар	-	шартқа (келісімшартқа) сәйкес Компанияның және оның ЕҰ аумағында немесе мүдделерінде жұмыстар орындайтын, қызметтер көрсететін немесе тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізетін, және де еңбек қауіпсіздігін және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасына ықпал ете алатын заңды немесе жеке тұлға
басқару шаралары	-	бұл авариялық жағдайдың немесе оқиғаның туындау мүмкіндігін болғызбауға бағытталған қызмет нәтижесінде пайда болуы мүмкін қолайсыз оқиғаларға жол бермеу жөніндегі алдын алу (ескерту) іс-шараларының кешені
қауіп		адамдарға, қоршаған ортаға, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының мүлкіне немесе абыройына зиян келтіру ықтималдығымен сипатталатын көз, оқиға немесе әрекет
еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел	-	түрлі ауырлықтағы жарақаттарға, мүлікке немесе қоршаған ортаға зиян келтіруіге апаруы мүмкін оқиғаның орын алу ықтималдығы
қабылдарлық (рұқсат етілген) тәуекел	-	еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы саясатты белгілейтін заңнаманың және Компанияның/ЕҰ ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, рұқсат етілетін деңгейге дейін азайтылған тәуекел
айтарлықтай тәуекел	-	адамдарға, мүлікке, қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін және оларды төмендету немесе төмендету мүмкін болмайтын жерде оңтайлы деңгейде ұстап тұру жөніндегі тиісті іс-шараларды талап ететін тәуекел
қалдық тәуекел	-	тәуекел иесі, осы тәуекелдің ықтималдығын немесе күшін өзгерту жөніндегі әрекет қабылдағаннан кейін қалған тәуекел
тәуекелді бағалау	-	барлық қолданыстағы басқару құралдарының толықтығын ескеретін және тәуекелдің қабылдарлық немесе қабылданбайтындай болып

	табылатыны туралы мәселені шешуге мүмкіндік беретін қауіппен байланысты тәуекелді бағалау процесі
экологиялық тәуекел	белгілі бір факторлардың әсері салдарынан қоршаған орта және (немесе) табиғи объектілер күйінің қолайсыз өзгеруі ықтималдығы
экологиялық аспект	- ұйымның қызметі, оның өнімдерін шығару немесе қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін қызметтерді көрсету барысында пайда болатын элемент
ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы мүмкіндіктер	- ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы қызмет көрсеткіштерінің жақсаруына апаруы мүмкін жағдайлар немесе жағдайлар жиынтығы
ДС және ЕҚҚ	- денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету
ҚОҚ	- қоршаған ортаны қорғау
Қауіптерді сәйкестендіру	- қауіпті және зиянды өндірістік факторларды байқау, анықтау және тану және олардың алдын алу іс-шараларын әзірлеу үшін қажет және жеткілікті сандық, уақытша, кеңістіктік және басқа да сипаттамаларын белгілеу процесі
Экологиялық аспектілерді анықтау	экологиялық аспектілерді анықтау, олардың қоршаған ортаға әсерін анықтау
Мүдделі тарап	- Компания мен ЕҰ жүзеге асыратын қызметке әсер етуі мүмкін және осы қызмет өздеріне әсер ететін тұлға немесе ұйым.
ӨҚ АЖ	- «Өндіріс қауіпсіздігін басқару жөніндегі біріктірілген жүйе (ӨҚ АЖ)» автоматтандырылған жүйесі
Оқиға	- объектіні сақтау, консервациялау, пайдалану немесе тарату кезінде орын алған және апатқа, авариясға, оқиғаға, инцидентке, жазатайым оқиғаға, кәсіптік ауруға, техникалық құрылғының істен шығуына, тұтануға, өртке, жол-көлік оқиғасына, қоршаған ортағажағымсыз әсерге немесе қауіпті көздермен жұмыс істеу кезіндегі бұзушылықтарға жататын жағымсыз оқиға

Осы тармақта көзделмеген ұғымдар Компанияның жергілікті актілерінде көзделген мәндерде қолданылады.

3 Жалпы ережелер

4. Қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру элементі болып табылады, және де, еңбек қауіпсіздігі және

экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді анықтауға және алдын алуға бағытталған.

5. Қауіптерді және экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, қауіптерді бағалау нәтижелері:

1) еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қолжетімді мақсаттарды жоспарлау және аталған саладағы менеджментті жетілдіру үшін бастапқы ақпарат;

2) Компанияда және ЕҰ-да еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлеу, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін қажетті ресурстарды (ақша қаражатын, адам ресурстарын) бөлу, сондай-ақ олардың мониторингі мен талдауы үшін негіз;

3) өндірістік процестерге арналған нормативтік техникалық құжаттарда еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бөлімдерді/талаптарды әзірлеу үшін негіз болып табылады.

4 ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді, тәуекелдерді мен мүмкіндіктерді бағалауды жоспарлау

6. Компанияда және ЕҰ-да ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді жоспарлы және жоспардан тыс сәйкестендірулер, тәуекелдерді бағалау жүргізіледі. Бұл ретте, бағалау процесі барысында ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы белгіленген (анықталған) мүмкіндіктерді, оларды іске асырудың пайдасын және еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызмет көрсеткіштерін жақсарту тұрғысынан ықтималдығын қарау керек.

7. Компанияда және ЕҰ-да, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді жоспарлы сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, жыл сайын 31 мамырдан кешіктірмей жүргізіледі.

8. Еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптерді, экологиялық аспектілерді және қауіптерді бағалауды жоспардан тыс сәйкестендіру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) сәйкестендірілген қауіптер мен тәуекелдерге және/немесе оларды басқарудың тиісті шараларына қатысты заңнамалық және басқа да талаптар өзгерген;

2) еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы басқару жүйесі өзгерген;

3) жабдық жаңғыртылған, қайта құрылымдалған, ауыстырылған және жаңа жабдық енгізілген;

4) еңбек жағдайлары және (немесе) жұмыстарды орындау тәртібі өзгерген;

5) жазатайым оқиға туындаған;

6) аудиттер мен тексерулер нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер анықталған;

7) кез келген арнайы (стандартты емес) жұмыстарды жоспарлаған кезде өндірістік процестердегі өзгерістер;

8) мүдделі тараптардың мәлімдемелері және/немесе пікірлері;

9) анкеталарды, салнама парақтарын талдау нәтижесі бойынша өндірістік процестердегі өзгерістер;

10) Компанияның және ЕҰ өндірістік процестеріне (инфрақұрылым объектілеріне, жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күтіп ұстау және т.б.) арналған нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу және оларға өзекті сипат беру.

9. Еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау үшін жұмыс топтары (құрамында кем дегенде 3 адам) мынадай тәртіппен:

1) Компанияның/ЕҰ желілік деңгейдегі бөлімшелерінде – еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік мәселелері үшін жауапты желілік деңгейдегі бөлімше басшысының басшылығымен желілік деңгейдегі бөлімшенің бірінші басшысының бұйрығы бойынша;

2) Компанияның/ЕҰ өңірлік деңгейдегі бөлімшелерінде – еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік мәселелері үшін жауапты өңірлік деңгейдегі бөлімше басшысының басшылығымен өңірлік деңгейдегі бөлімшенің бірінші басшысының бұйрығы бойынша;

3) Компанияның/ЕҰ тораптық деңгейдегі бөлімшелерінде – тораптық деңгейдегі бөлімше басшысының басшылығымен өңірлік деңгейдегі бөлімшенің бірінші басшысының бұйрығы бойынша құрылады.

10. Жұмыс тобының құрамына енгізілетін қызметкерлер бағаланатын қызметті, оған тән қауіптерді, тәуекелдерді бағалау әдістерін және басқарудың қолданылатын шараларын жақсы білуі тиіс.

11. Жұмыс тобы, жауапты орындаушыларды және орындау мерзімдерін көрсете отырып, қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді жүргізу жоспарын әзірлейді, жұмыс орындары мен олардың шекараларын белгілейді.

5 Жауапкершілік

12. Компаниядағы және ЕҰ-дағы еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, қауіптерді бағалау және басқару жөніндегі жұмысты жалпы үйлестіруді, сондай-ақ оның мониторингін Компанияның еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекциясы жүзеге асырады.

13. Қауіптерді және экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару процесінде төмендегілер жауапты болады:

Компания және ЕҰ қызметкері	• жұмыс топтарына кез келген бар немесе болуы ықтимал тәуекелдер туралы сенімді ақпарат беру үшін;

	• жаңа жобаларды енгізуді немесе қызметті өзгертуді жоспарлау кезінде талдау жүргізгені және тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз еткені үшін; • тәуекелдер ұлғайған немесе жаңа қауіптердің пайда болуы ықтималдығы жағдайында еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару шараларын қабылдау үшін;
Қызмет	• кез келген сәйкестендірілген қауіптер мен экологиялық аспектілерді алып тастауды немесе азайтуды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару арқылы тәуекел-менеджментке бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, талап етілетін құжаттаманың толықтығын және тәуекелдерді басқару процесі бойынша құжаттаманы қолдау, ықтимал тәуекелдердің тұрақты мониторингін және тәуекелдерді басқару шараларын қамтамасыз ету үшін
Жұмыс тобы	• еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау үшін; • Қауіптер, экологиялық аспектілер мен тәуекелдер тізілімін, Айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілер тізілімін қалыптастыру үшін
Компания және ЕҰ бөлімшелерінің басшылары	• өз өкілеттіктері шеңберінде осы Стандарттың талаптарын енгізу және орындау үшін; • жұмыскерлерді қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді жүргізудің, оларды бағалаудың және тәуекелдерді басқарудың жалпы процесіне тарту үшін, осылайша функционалды міндетті орындау кезінде оқиғалардың болуы ықтималдығын төмендетету үшін; • жұмыскерлерге және мүдделі тараптарға анықталған қауіптер, экологиялық аспектілер туралы хабарлауды, олармен нұсқамалық жүргізуді жүзеге асырғаны үшін; • тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарды әзірлеу және қамтамасыз ету үшін; • жұмыскерлерге зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардың қолайсыз әсер етуіне жол бермеуді қамтамасыз ету мақсатында, өндірістік процестерге арналған нормативтік техникалық құжаттарда еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бөлімдерін/талаптарын әзірлеу және оларға өзекті сипат беру үшін.

6 Қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру процесі

14. Жұмыс топтары осы Стандарттың 1-қосымшасында берілген Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару әдістемесіне және осы Стандарттың 2-қосымшасында көзделген Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау әдістемесіне сәйкес, қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді жүргізеді.

15. Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру әр тұрақты және тұрақты емес жұмыс орны мен жұмыс түрі, сондай-ақ мүдделі тараптар Компанияның құрылымдық бөлімшесінің және ЕҰ жауапкершілігі аймағының шекараларында пайдаланатын жұмыс орындары үшін жүргізіледі.

16. Орындалатын жұмыстардың сипаты ұқсас және жағдайлары ұқсас жұмыс орындарынан бір-екі жұмыс орны таңдалады.

17. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, оларды бағалау кезінде кіріс деректері:

1) стандартты және стандартты емес қызмет түрлері;

2) штаттық және авариялық оқиғалар;

3) мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың персоналын, келушілерді, Компания объектілеріне және ЕҰ-ға кіруге рұқсаты бар өзге де адамдарды қоса алғанда, жұмыскердің мінез-құлқы;

4) жұмыс орнынан тыс жерде еңбек міндеттерін орындау кезеңінде туындайтын және Компания, ЕҰ қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін сәйкестендірілген қауіптер;

5) Компанияның, ЕҰ бақылауымен кәсіби қызметті орындау нәтижесінде жұмыс орнына тікелей жақын жерде пайда болатын қауіптер;

6) Компания, ЕҰ бақыламайтын кәсіби қызметті орындау нәтижесінде жұмыс орнына тікелей жақын жерде пайда болатын қауіптер;

7) жұмыс орнындағы инфрақұрылым, жабдықтар мен материалдар;

8) жұмыс орындары, технологиялық процестер; қызметтік өту жерлері;

9) санитариялық-тұрмыстық жағдайлар;

10) денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесіндегі нақты өзгерістер немесе болжамды өзгерістер;

11) жобалау құжаттамасы, енгізуге жоспарланған жаңа объектілерді, жабдықтарды, технологиялық процестерді сынау, тестілеу нәтижелері;

12) еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы құжаттама;

13) Компания және ЕҰ өндірістік процестеріне арналған нормативтік техникалық құжаттар;

14) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері;

15) еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік күйі туралы алдындағы сыртқы және ішкі тексерулер мен аудиттер есептері;

16) Компания ішінде, сондай-ақ ұқсас қызмет бейініндегі басқа да ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласында орын алған оқиғаларды тексеру материалдары;

17) қауіптілігі жоғары жұмыстар тізбесі;

18) оқыту, нұсқама өткізу бойынша білімді тексеру нәтижелері, аварияларды жою жоспарлары, оқу дабылдары қорытындыларының хаттамалары (болған жағдайда) және т.б.;

19) алдындағы қауіптерді сәйкестендіру және қауіптерді бағалау барысында жоспарланған іс-шараларды орындау нәтижелері;

20) заңнамалық талаптарды бағалау нәтижелері;

21) еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздігі күйі туралы есептер;

22) ӨҚ ИЖ «Қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогы» модулінде анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер.

23) анкеталар, сауалнама парақтарын талдау нәтижелері;

24) технологиялық процесті, өндірістік ортаны, жұмыс орнын, мердігерлік ұйымдар жұмысын, сыртқы факторларды бақылау нәтижелері;

25) электрондық және өзге де құралдарды қоса алғанда, жұмыскерлерден және басқа да мүдделі тараптардан түсетін шағымдар, арыздар болып табылады.

18. Экологиялық аспектілерді сәйкестендіруге төмендегілер:

1) құрылымдық бөлімшенің қызметі туралы құжаттарды талдау;

2) құрылымдық бөлімшенің қызметіне мониторинг жүргізу;

3) учаскені көзбен шолып тексеру, құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері арасында сауалнама және анкета жүргізу кіреді.

19. Экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді жүргізу үшін кіріс деректері:

1) құрылымдық бөлімшенің негізгі қызметі (штаттық (қалыпты) жағдайларда, жабдықты іске қосу және тоқтату кезінде, болуы мүмкін авариялық жағдайларда, және т.б. болатын барлық технологиялық процестер);

2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ компаниялар тобы объектілерінде мердігерлік ұйымдар жүзеге асыратын қосалқы қызмет және қызмет;

3) шикізатты, материалдарды тасымалдау, сақтау, тиеу, түсіру, көлік пен арнайы техниканың жұмысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету көздері;

4) зерттеу қызметі (зертханалық жұмыстар, геофизикалық зерттеулер, жаңа реагенттерді зерттеу және т.б.);

5) қоршаған ортаға тарихи әсер етулер;

6) өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, сақтау және кәдеге жарату;

7) «ҚТЖ» ҰК» АҚ, ЕҰ-ның тысқары ұйымдармен жасасқан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарда көрсетілген жағдайларға сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындау;

8) қоршаған ортаға және адамдарға экологиялық аспектілердің теріс әсеріне байланысты халықтың және қызметкерлердің өтініштері, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мен ескертулер және т.б.;

9) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы

заңнамалық талаптарын және нормативтік талаптарын сақтау;

10) өндірістік, технологиялық процестер мен схемалардың сипаты;

11) пайдаланылатын жабдықтар тізілімі;

12) сайманмен өлшеулер нәтижелері;

13) отын-энергетикалық және табиғи ресурстарды тұтынуды талдау;

14) атмосфераға шығаруға рұқсат етілетін шекті шығарындылардың, су объектілеріне ластаушы заттардың рұқсат етілетін шекті төгінділерінің жобалары, қалдықтарды әкету және кәдеге жарату көлемінің нормалары;

15) қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар болып табылады.

7 Тәуекелдерді және мүмкіндіктерді бағалау

20. Жұмыс тобының мүшелері қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру нәтижелерін осы Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес Қауіптердің, экологиялық аспектілер мен тәуекелдердің тізілімін жасау арқылы ОҚ АЖ-ға енгізеді.

21. Қауіптердің, экологиялық аспектілер мен тәуекелдердің тізілімі жасалғаннан кейін тәуекелдерді бағалау негізінде тәуекелдер саралау жүргізіледі. Тәуекелдерді бағалау Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару әдістемесіне (осы стандарттың 1-қосымшасы), Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау әдістемесіне (осы стандарттың 2-қосымшасы) сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, қауіптердің әсерін бағалау осы Стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықталады.

22. Өндірістік қауіпсіздік процестерін басқарудың автоматтандырылған интеграцияланған жүйесіндегі айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілер осы Стандарттың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілер тізілімінде ресімделеді.

23. ДС және ЕҚҚ, ҚОҚ саласындағы мүмкіндіктер Қауіптердің, экологиялық аспектілер мен тәуекелдердің тізіліміне енгізіледі, ол үшін құрылымдық бөлімшелер және ЕҰ бағалау процестерін:

1) Компаниядағы және ЕҰ-дағы, олардың саясаттарындағы, процестеріндегі немесе қызмет түрлеріндегі жоспарланып отырған өзгерістерді, назарға ала отырып, аталған салалардағы қызмет көрсеткіштерін жақсарту үшін ДС және ЕҚҚ мен ҚОҚ саласындағы мүмкіндіктерді, сондай-ақ:

жұмыскерлерге қатысты жұмысты бейімдеу, жұмысты ұйымдастыру және өндірістік жағдайлар мүмкіндіктерін;

ДС және ЕҚҚ саласындағы қауіптерді жою және тәуекелдерді төмендету мүмкіндіктерін;

2) ДС және ЕҚҚ мен ҚОҚ менеджмент жүйесін жақсарту үшін басқа да мүмкіндіктерді жұмысқа қабілетті күйде ұстап тұруы тиіс.

24. Тәуекелдер мен мүмкіндіктер бойынша іс-қимыл шаралары ОҚ АЖ пайдалана отырып, Қауіптердің, экологиялық аспектілер мен тәуекелдердің тізіліміне енгізіледі.

25. Қажет жағдайда, барлық деңгейдегі бөлімшелердің өндірістік қауіпсіздік қызметтері Айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілер тізілімін ОҚ АЖ-ға түсіру арқылы құжат жасайды.

26. Басқарудың барлық деңгейлеріндегі бөлімшелерде қауіптер мен экологиялық аспектілерді жоспардан тыс сәйкестендірудің дер кезінде жүргізілуіне бақылауды желілік деңгейдегі бөлімшелер жүзеге асырады.

8 Еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару

27. Еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару үшін Компанияның және ЕҰ бөлімшелері оларды жоюға, рұқсат етілмейтін тәуекелдерді барынша азайтуға немесе рұқсат етілетіндеріне алмастыруға бағытталған шараларды қабылдайды. Бұл ретте, басқару құралдары мен әдістерінің келесі иерархиясы қолданылады:

1) қауіпті жою;

2) процестерді, операцияларды, материалдарды немесе жабдықты қауіптілігі аз болатынына алмастыру;

3) басқарудың техникалық құралдары мен әдістерін қолдану және жұмыстарды қайта ұйымдастыру;

4) қызметкерлерді даярлауды қоса алғанда, әкімшілік құралдар мен басқару әдістерін қолдану;

5) барабар жеке қорғану құралдарын қолдану.

28. Айтарлықтай тәуекелдер мен елеулі аспектілерді анықтаған жағдайда, оларды төмен тұрған санатқа ауыстыру немесе жою үшін Компания және ЕҰ құрылымдық бөлімшелері тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлейді. Аталған іс-шаралар Компанияның және ЕҰ-ның жергілікті актілеріне және нормативтік техникалық құжаттарына сәйкес әзірленетін бөлімшелердің өндірістік қызмет жоспарларына енгізіледі. Қажет жағдайда, жекелеген тәуекелдер мен аспектілер үшін мынадай талаптарды ескере отырып, оларды жою немесе төмендету жөніндегі қосымша іс-шаралар жоспарлары құрылады: қойылған міндеттер қолжетімді, өлшенетін, уақыты бойынша орындалуы шектеулі болуы тиіс.

29. Қабылданарлық (рұқсат етілетін) тәуекелдер басқарылатын болып есептеледі, оларға басқару бойынша арнайы іс-шаралар қабылданбайды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның және ЕҰ-дың жергілікті актілерін, белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық процестердің сақталуы шеңберіндегі жұмыспен шектелуге болады.

30. Рұқсат етілмейтін тәуекел анықталған жағдайда, еңбек қызметі, жұмыс процесі, тиісті басқару шараларының көмегімен рұқсат етілмейтін тәуекел жойылғанға немесе төмен тұрған санатқа ауыстырылғанға немесе ең төменгі деңгейге дейін төмендетілгенге дейін белгіленген тәртіппен дереу тоқтатылуы тиіс.

31. Ресурстарды (материалдық, қаржылық) қалыптастыру мен бөлудің басымдығы тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші кезекте рұқсат етілмейтін тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шаралар қаржыландыруға жатады.

32. Қауіптерді және экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, қауіптерді бағалау нәтижелері еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік күйін талдау үшін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалықтар жүргізу кезінде кіріс ақпарат ретінде пайдаланылады, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы жергілікті актілерді, кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты, нормативтік техникалық құжаттарды, технологиялық процестерді және Компания мен ЕҰ бөлімшелерінде қолданылатын басқа да құжаттарды әзірлеу және өңдеу кезінде ескеріледі.

9 Тәуекелдерді бағалауды талдау және есептілік

33. Компанияда және ЕҰ-да тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін мониторинг жүргізуді жүзеге асыру мақсатында тәуекелдерді бағалауды талдау жүргізіледі. Талдау тұрақты негізде жылына кем дегенде бір рет жүргізіледі.

34. Қауіптер мен экологиялық аспектілерді жоспарлы анықтағаннан, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелді бағалаудан кейін талдауды желілік деңгейдегі бөлімше жүргізеді.

35. Жүрізілген талдау нәтижелері туралы есеп 15 маусымнан кешіктірмей Еңбек қәуіпсіздігі және экология жөніндегі инспекцияға тапсырылады.

1-қосымша
(міндетті)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару әдістемесі

1.Мақсаты

1. Әдістеме қауіптерді сәйкестендіруге, тәуекелдерді бағалауға, бақылауды ұйымдастыруға және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлеуге арналған және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының барлық құрылымдық бөлімшелеріне және оның еншілес ұйымдарына қатысты. Әдістеме «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларына, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуде елеулі табыстарға жеткен халықаралық компаниялардың озық тәжірибесі мен үздік практикаларына негізделген. Тезірек есте сақтау үшін Әдістеменің әр бөлімінде мысалдар келтірілген.

2. Негізгі ұғымдар мен анықтаулар

2. Өндірістік қызмет процесінде қауіптерді сәйкестендіру – бұл қауіпті және зиянды өндірістік факторларды байқау, анықтау және тану, олардың алдын-алу іс-шараларын әзірлеу үшін қажет және жеткілікті сандық, уақыттық, кеңістіктік және басқа да сипаттамаларын белгілеу процесі. Қауіпті оқиға адам зиян келтіретін қауіпті фактормен өзара әрекеттескен кезде пайда болады.

Мысалы: еден бетінде бұдыр бар. Бұл бұдырдың өзі ешқандай зиян келтірмейді, алайда, егер адам оған кездейсоқ келіп қалса, оның сүрініп, құлап, жарақат алу қаупі туындайды.

3. Қауіпті оқиғаның пайда болуы ықтималдығы мен мұндай оқиғаның салдарының жиынтығы тәуекел болып табылады.

4. Ықтималдық – қауіпті оқиғаның орын алу мүмкіндігінің дәрежесі. Егер бұдыр жұмысшылар көп жүретін қызметтік дәлізде болса, біреудің сүрініп құлап қалу ықтималдығы өте жоғары.

5. Егер мұндай тегіс емес бет адам көп жүрмейтін жерде болса, онда біреудің сүріну және құлау ықтималдығы аз болады.

6. Қауіпті оқиғаның туындауы нәтижесінде, егер қызметкер бұдырға сүрінген болса, соңғысының ауырлығы түрлі болуы мүмкін:

- ол ешқандай қиындықсыз тепе-теңдік қалпына келе алады;

- әкеле жатқан жүгін түісріп алуы мүмкін;

- аяқ буындарын созып алуы немесе жарақаттануы немесе бір жерін сындырып алуы мүмкін.

Әдетте, салдарлары белгілі бір жағдайларға байланысты. Адам көп жүретін жерде, аумақ үнемі тазартылып отырылатын жайға кіретін жердегі құлау салдарлары, түрлі қоқысы бар сыртқы ауладағыдай ауыр болмауы мүмкін.

7. Егер жоғарыда аталғандарды формуламен көрсетсек, онда былай болады:

Тәуекел = Ықтималдық х Салдарлары

3. Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау

8. Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау құралы – бұл жұмыс орнындағы неғұрлым қауіпті факторларды (бұдан әрі – ҚБ) бақылауды тиімді және экономикалық тұрғыдан орынды қамтамасыз ету тәсілі. ҚБ жылына кем дегенде бір рет 31 мамырға дейін жүргізіледі және жұмыс тапсырмасындағы қадамдардың реттілігін белгілеуге және олардың барысы мен орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. ҚБ өндірістегі қауіпсіздікті жақсартудың тиімді құралы болып табылады. ҚБ бұл:

- қауіпсіз жұмыс әдістерін, еңбек қауіпсіздгі жөніндегі нұсқаулықтарын әзірлеудегі алғашқы маңызды қадам;

- қауіпсіздікті тиімді басқарудың маңызды құрамдас бөлігі;

- дұрыс болмауы мүмкін істі түсінуге көмектеседі;

- жұмыстың қолданылатын әдістері мен тәсілдерінің қауіпсіздік дәрежесін үнемі арттырып отыруға мүмкіндік береді;

- қауіпсіздік жөніндегі стандарттарды үнемі жақсарту құралы және «нольдік жарақаттанушылыққа» көшу тәсілі.

ҚБ – бұл тәуекелдің шамасы анықталатын жүйелі түрде жүргізілетін процесс.

9. Қауіптерді сәйкестендірудің, тәуекелдерді бағалаудың және оларды басқарудың 5 кезеңі бар:

1) қауіпті факторларды анықтау;

2) тәуекел тобын және тәуекел сипатын анықтау;

3) тәуекелді және қолданыстағы бақылау шараларының барабарлығын бағалау немесе қосымша бақылау шараларын енгізу;

4) елеулі нәтижелерді тіркеу;

5) тәуекелді бағалауды қайта қарау, оны жаңарту (қажеттілігі бойынша).

10. Қалдық тәуекел – төмендегілерге қарамай, жарақат алуға немесе денсаулыққа зиян келтіруге апаруы мүмкін тәуекелдің қалдық шамасы:

- ҚжЕҚ талаптарын толық орындау;

- озық технологияларды қолдану;

- озық жабдықтарды қолдану.

11. Қауіптерді сәйкестендіру, қауіптерді бағалау үшін әр нақты саланы бағалау үшін құзыреттілікті ескеріп, тиісті деңгейдегі бөлімше қызметкерлерінің ішінен жұмыс тобы құрылады. Жұмыс тобы басшысының еңбек қауіпсіздігі саласында жұмыс тәжірибесінің болуы және ол тәуекелді бағалау бойынша оқудан өтуі тиіс. Тәуекелді бағалау жұмыс тобына бағалауға жататын тәуекелдер болатын учаске немесе жұмыс басшысын (шеберді, учаске бастығын, бригадирді) қосу орынды болып табылады.

12. Жұмыс тобының қалған мүшелерін еңбек қауіпсіздігі мәселелері үшін жауапты болатын тиісті деңгейдегі бөлімше басшысы, олардың тәжірибесіне, техникалық немесе инженерлік құзыреттілігіне және тиісті стандарттар мен талаптарды білуіне қарай таңдайды.

13. Тәуекелдерді бақылаудың жеткіліксіздігі төмендегілерге апаруы мүмкін екенін әрқашан ескеру қажет:

- болуы ықтимал қауіпті оқиғаларға;
- материалдық залалға;
- экологиялық залалға;
- жарақат алуы мүмкін жазатайым оқиғаға;
- кәсіптік ауруға.

Денсаулық үшін қауіп факторлары 4 санатқа бөлінеді:

- химиялық (еріткіштер, пайдаланылған газдар);
- биологиялық (бактериялар, патогендер);
- физикалық (шу, діріл);
- психологиялық (стресс).

14. Кәсіби аурулардың ағзаға әсерінің екі түрі бар:

- жедел, ол зиянды әсерден кейін көп ұзамай пайда болады және ұзаққа созылмайды, бірақ адамның ауруханаға жатқызылуы мүмкін;
- созылмалы, оның барысында денсаулық үшін зиян уақыт өте келе дамиды. Ауру ұзақ кезең ішінде дамуы мүмкін, әсері әлсіз (жеңіл дәрежедегі демікпе) және ауыр (онкологиялық аурулар) болуы мүмкін.

4. Қауіпті факторларды анықтау

15. Тәуекелдерді бағалаудағы бірінші қадам – қаралып отырған жұмыс түріне байланысты барлық қауіпті факторларды анықтау. Ол үшін төмендегі аспектілерді ескеру қажет:

- орналасқан жері;
- жұмысты орындайтын адамдар;
- жұмыста қолданылатын материалдар мен заттар;
- жұмыста қолданылатын жабдықтар, механизмдер мен саймандар;
- орындалатын жұмыстың шарттары мен сипаты.

16. Сондай-ақ, тәуекелді бағалау басталғанға дейін техникалық құралдар, процестер және бөлімше қызметінің ерекшеліктері туралы ақпаратты жинау қажет, төмендегілерді қоса алғанда:

- технологиялық процестердің карталары, қозғалыс жоспарлары (қызметтік өту схемалары, көлік қозғалысы маршруттары), өндірістік алаңқай схемалары;

- өндірістік жұмыстарды орындау жөніндегі нұсқаулықтар;

- қауіпті материалдарды (шикізат материалдарын, химиялық заттарды, қалдықтарды, өнімді, компоненттерді) сақтау орындары мен шарттары;

- жабдықтардың техникалық сипаттамалары мен оларды пайдалану және қызмет көрсету қағидалары;

- өнімге қойылатын техникалық талаптар, материалдармен қауіпсіз жұмыс істеу тәртібінің сипатталары бар құжаттар, уытты материалдар туралы деректер және еңбек қауіпсіздігіне қатысты басқа да ақпарат.

17. Жұмыс орнын айналып өтіп, онда не болып жатқанын бақылау керек. Қауіпті болуы мүмкін қандай да болмасын нәрсені табуға тырысу керек. Жергілікті жерді, жұмыс жағдайларын, қолданылатын жабдықты және орындалатын жұмыстарды зерделеу керек. Жұмыстың қалай орындалатынына және жұмысшылардың операцияларды дұрыс орындайтынынына ерекше назар аудару керек. Мұндай айналып өту кез-келген қауіпті факторды байқамау ықтималдығын азайтады.

18. Объектілердің нақты орналасуы және орындалған жұмыстар қаралады.

Мысалы: жұмысшылардың қажетсіз тәуекелге ұшырмау үшін тапсырмаларды еркін орындауы үшін жұмыс кеңістігі жеткілікті ме? Жұмыс жағдайлары жұмысты тиісінше орындауға мүмкіндік бере ме?

19. Сондай-ақ, дәліздер, саты алаңқайлары сияқты жалпы пайдалану орындарын ескеру қажет. Екі түрлі басшы бұл басқа басшының жауапкершілік аймағы деп санайтындай жағдайларды болғызбау үшін, оларды қауіптерді сәйкестендіруге қосу керек.

20. Жұмыстың әр түрі орындалғанға дейін және орындалып жатқан уақытта қаралады. Стандартты және стандартты емес операциялар ескеріледі. Жұмыс тобының, осы кезеңдегі барлық болуы ықтимал қауіптерді (болу ықтималдығы бір қарағанда минималды болып көрінуі мүмкін қауіпті де) анықтауы қажет.

21. Объектінің, жабдықтың үлгісі және қолданылатын материалдар мен заттар қаралады. Олар мақсатқа сәйкес келеді ме? Орнату өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес орындалған ба? Олар мақсатына сай пайдаланылады ма? Объектіні не қоршап тұр? Бекітілуі және тұғыры сенімді ме?

5. Тәуекел тобын және тәуекел сипатын анықтау

22. Тізбені жасағаннан және, алдағы жұмыс кезеңдерін нақты анықтағаннан кейін, кімнің және қалай зардап шегетінін анықтауға кірісуге болады.

23. Әр жұмыс тапсырмасы мен қауіпті фактор үшін тәуекел тобын белгілеу қажет. Бұлар төмендегілер болуы мүмкін (учаскедегі жұмыскерлерден басқа):

- техникалық қызмет көрсететін қызметкерлер, жинастырушылар, тікелей жақын жерде жұмыс істейтін немесе жұмыс учаскесі арқылы өтетін адамдар;
- кәсіпорында жұмыс істемейтін адамдар – агенттіктердің қызметкерлері, мердігерлер, келушілер және елді мекендердің тұрғындары.

24. Жұмысшылардың кейбір санаттарына үлкен қатер төнуі мүмкін, мысалы, кәмелетке толмаған немесе тәжірибесіз жұмысшылар, жүкті және бала емізетін аналар, түнгі ауысым жұмыскерлері, жалғыз жұмыс істейтін жұмыскерлер. Тәуекел кез-келген жұмыс орнында болады.

Мысалы: жұмыс орнында қауіп бар — қозғалып келе жатқан конвейер таспасы немесе жабдықтың айналатын элементі. Әдетте қауіптің жағымсыз оқиғаларға айналуының болуы ықтимал себептерін анықтаймыз:

- *жұмыскерлердің қауіп көзімен кездейсоқ және қасақана байланысына жол бермейтін қоршаудың, экрандардың, блоктаулардың болмауы;*
- *сақтандыру, қорғау құрылғыларының сәйкес келмеуі;*
- *қорғау механизмдерінің іске қосылу жылдамдығының жеткіліксіз болуы;*
- *басқару батырмаларының ыңғайсыз орналасуы және дұрыс боялмауы;*
- *жарықтандырудың жеткіліксіз болуы;*
- *сәйкес келмейтін микроклимат;*
- *зиянды химиялық заттардың, аэрозольдер мен шаңның болуы;*
- *конвейер қозғалысы жылдамдығының жоғары болуы;*
- *жабдықтың басқа жұмыс орындарына немесе жұмыскерлердің қозғалысы маршрутына жақын орналасуы;*
- *сәйкес келмейтін жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ);*
- *жұмыскерлерге берілген нұсқамалықтардың жеткіліксіз болуы, біліксіздік, немқұрайлылық, жұмыскердің жеке ерекшеліктері;*
- *өз бетімен жұмыс істеуге жіберу алдында жұмыс орнында тәжірибелік оқудың болмауы;*
- *ескерту және сигналдық белгілердің болмауы;*
- *қызметкердің жұмыс орнында алкоголь, есірткі немесе психотроптық заттардың әсерінде болуы;*
- *тұрақты ішкі бақылаудың болмауы;*
- *жабдыққа тұрақты техникалық қызмет көрсетудің болмауы.*

25. Анықталған қауіптер үшін осы Стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген Қауіптер, экологиялық аспектілер мен тәуекелдер тізілімінің нысаны пайдаланылады.

6. Тәуекелді бағалау

26. Бұл кезең екі бөліктен тұрады – тікелей тәуекелді бағалау және қолданыстағы бақылау шаралары мен кедергілердің барабарлығы мен өзекті сипатын бағалау.

27. Қауіпті факторлар мен болуы ықтимал қауіптер анықталғаннан кейін, бұл тәуекелдердің қаншалықты жоғары екенін анықтау қажет. Тәуекелді саралау үшін, яғни ықтималдылық деңгейі мен болуы ықтимал залалдың дәрежесін бағалау үшін:

- қолданыстағы бақылау шараларының барабарлығы мен тиімділігін;
- тәуекелдің болжамды деңгейін (зиянның ықтималдылығы және ауырлық дәрежесі);
- тәуекелді жою немесе жеңілдету үшін қажет әрекеттерді қарау қажет.

28. Тәуекелді бағалаудың мақсаты қалдық тәуекелді іс жүзінде орынды деңгейге дейін төмендету болып табылады. Жеткілікті күрделі жұмыс орнында бұл ұзақ уақытты алуы мүмкін, мұндай жағдайларда тәуекелдерді бағалау қажет – тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол тезірек жойылуы немесе бақылануы тиіс.

29. Қолда бар бақылау шараларының тізбесін жасау тәуекелдерді базалық бағалау үшін өте маңызды, оны жүргізу кезінде бұрын қолданылған немесе ұсынылған барлық бақылау шаралары олардың барлығын бір толық тізімге енгізу үшін жазылады:

- қауіптілік көзін инженерлік бақылау шаралары (қорғағыш қоршаулардың, оқшаулағыштың, сору желдеткішінің және т.б. болуы);
- бақылаудың әкімшілік шаралары (жұмыстың ауысымдық режимі, жұмысты қауіпсіз орындау жүйелері, жеке қорғану құралдары және т.б.);
- мінез-құлықты бақылау құралдары (бюллетеньдер, нұсқамалықтар, оқыту және қадағалау, сондай-ақ инспекция түріндегі мониторинг әдістері).

30. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша жұмыс тобы келесі қадамдарды орындауы тиіс:

1) тәуекел тобына таныстыруға жататын ақпараттың, оқыту мен нұсқаулықтардың көлемін белгілеу;

2) осындай ақпараттың анықтығы мен өзекті сиаптын қамтамасыз ету үшін қажет шаралардың көлемін белгілеу;

3) жаңадан қабылданған, жаңа жұмысқа ауыстырылған қызметкерлерді оқыту жоспарын жасау;

4) өзіне ықпал ету деңгейін бақылау кіруі тиіс тәуекелді бағалауды қайта қарау бағдарламасын жасау.

31. Бұл ақпарат тәуекелді сандық және сапалық бағалауға мүмкіндік береді.

32. Тәуекелді сандық-сапалық бағалау тәуекелдерді жіктеуді жеңілдететін коэффициенттерді қамтиды. Тәуекелдерді оларды жүзеге асыру және зиян келтіру ықтималдығы бойынша жіктеу, өз кезегінде, түзету әрекеттерінің басымдылығын белгілеуге көмектеседі.

Мысалы: вагонды жуушы жолаушылар вагонының сыртын жуу үшін сатыны пайдаланады. Жуушының құлап кету ықтималдығы қандай? Ықтималдылықты анықтау үшін бірқатар факторларды қарау қажет:

- сатының тұрақтылығы;

- саты баспалдақтарының күйі;

- аяқ киімінің түрі;

- жарықтандыру деңгейі.

Осы факторларды қарағаннан кейін, шкаланы қолдана отырып, құлау ықтималдылығын бағалауға болады.

Құлау ықтималдылығын есептегеннен кейін, зардаптардың ауырлық дәрежесін есептеуді орындау қажет.

Егер жуушы сатыдан құласа, оның зардаптарының қандай болуы мүмкін? Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

- құлау биіктігі;

- құлау орны;

- құлаған кезде дененің қай бөлігіне соққы күші әсер етеді.

33. Жоғарыда аталған барлық факторлардан кейін осы Стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген Қауіптер, экологиялық аспектілер мен тәуекелдер тізілімін пайдалана отырып, құлау зардаптарының ауырлығын бағалауға болады.

7. Тәуекелді сандық бағалау

34. Тәуекелдердің кейбір түрлерінен, мысалы, зиян келтіргені үшін жауапкершілік тәуекелдерінен болатын максималды залалды бағалау қандай да бір формулалар бойынша есептелмейді, сондықтан да мұндай тәуекелдерді сандық бағалау үшін статистикалық деректер пайдаланылады. Мұндай тәуекелдерді бағалау үшін әдетте олардың туындауының сценарийлері және тартылуы (залал келтіруі) мүмкін тараптар, сондай-ақ осындай тәуекелдің жалпы әсері бағаланады және де осындай сценарийлерді іске асыру кезінде залалдың ауырлығы мен құны туралы қолда бар ақпараттың (статистиканың) негізінде барынша болуы ықтимал залал анықталады.

35. Тәуекелдерді бағалау баллдармен бағаланатын және мынадай формула бойынша есептелетін тәуекел (R) көрсеткішін сипаттайды:

R = P x S, мұндағы:

P – қауіптің туындау ықтималдығы, балл (1-кесте);

S – қауіптердің әсерін бағалау, балл (осы Стандарттың 4-қосымшасы).

1-кесте. Р қауіптің туындау ықтималдығын бағалау

Р (балл)	Ықтималдығы	Сапалы бағалау (сипаттамасы)
1	Өте сирек	Қауіптің туындау ықтималдығы шамалы. Мұндай фактордың пайда болуы мүмкін деп болжау қиын
2	Сирек	Қауіптің туындау ықтималдығы төмен. Мұндай жағдайлар жекелеген жағдайларда пайда болады, бірақ осылай болу мүмкіндігі өте аз
3	Уақыт өте келе, әлсін-әлсін	Қауіптің туындау ықтималдығы орташа деңгейде. Бұл үшін жағдайлар нақты және күтпеген жерден пайда болуы мүмкін
4	Жиі	Қауіптің туындау ықтималдығы жоғары. Бұл үшін жағдайлар үнемі және/немесе белгілі бір уақыт аралығында туындап отырады
5	Өте жиі	Қауіптің туындау ықтималдығы өте жоғары. Жағдайлар міндетті түрде ұзақ уақыт аралығында туындап отырады

36. «Р» және «S» мәндеріне сүйене отырып, 2-кестеде келтірілген тәуекелдер матрицасы бойынша тәуекел санаты анықталады.

2-кесте. Тәуекелдер матрицасы

Туындау ықтималдығы – Р	Салдардың әсері -S				
	Шекті (5)	Айтарлықтай (4)	Елеулі (3)	Қалыпты (2)	Минималды (1)
Өте жиі (5)	Қ (25)	Қ (20)	С (15)	С (10)	Ж (5)
Жиі (4)	Қ (20)	С (16)	С (12)	Ж (8)	Ж (4)
Уақыт өте келе, әлсін-әлсін (3)	С (15)	С (12)	С (9)	Ж (6)	Ж (3)
Сирек (2)	С (10)	Ж (8)	Ж (6)	Ж (4)	Ж (2)
Өте сирек (1)	Ж (5)	Ж (4)	Ж (3)	Ж (2)	Ж (1)

37.Тәуекелдер санаттары төмендегілерге бөлінеді:
Ж – Жасыл деңгей - (рұқсат етілетін) 1-ден 8-ге дейін;
С – сары деңгей - (елеулі) 9-дан 16-ға дейін;
Қ-қызыл деңгей - (рұқсат етілмейтін) 17-ден 25-ке дейін.

38. Рұқсат етілетін тәуекелдерге (1-ден 8-ге дейін) жұмыс орнындағы күнделікті жұмыс кезіндегі болуы ықтимал тәуекелдер жатады. Осындай деңгейдегі тәуекелдер оларды басқару жөніндегі шаралар (еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалық) болған жағдайда, қабылданарлық болып қаралады.

39. Елеулі тәуекелдерге (9-дан 16-ға дейін) персоналдың денсаулығына қатер төндіретін және/немесе кәсіпорынның мүлкіне залал келтіретін болуы ықтимал тәуекелдер жатады. Мұндай деңгейдегі тәуекелдер оларды басқару жөніндегі шаралар жеткілікті болған жағдайда, қабылданарлық болып қаралады және тұрақты бақылау мен талдауды талап етеді, басқару жөніндегі

шаралар жеткіліксіз болған жағдайда, тиісті шаралар қабылдана отырып, қабылданбайтындар ретінде қаралады.

